



БҰЙРЫҚ

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

город Павлодар

№ _____

№54-НҚ:01.07.2026

«Павлодар-Водоканал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2026 жылғы 1 тамыздан 2031 жылғы 31 шілдеге дейінгі кезеңге ауыз суды таратушы желілер арқылы беру, техникалық суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суларды бұру және тазарту қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 26, 28 тармақтарына сәйкес, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2026 жылғы 6 ақпандағы шешімін орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті туралы ережені басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Павлодар-Водоканал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2026 жылғы 1 тамыздан 2031 жылғы 31 шілдеге дейінгі кезеңге ауыз суды таратушы желілер арқылы беру, техникалық суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суларды бұру және тазарту қызметтеріне тарифтер осы бұйрыққа берілген 4 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Павлодар-Водоканал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2026 жылғы 1 тамыздан 2031 жылғы 31 шілдеге дейінгі кезеңге ауыз суды таратушы желілер арқылы беру, техникалық суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суларды бұру және тазарту қызметтеріне тарифтік смета осы бұйрыққа берілген 1, 2, 3 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» РММ-ның табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Павлодар-Водоканал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4. «Павлодар-Водоканал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ауыз суды таратушы желілер арқылы беру, техникалық суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суларды бұру және тазарту қызметтеріне тарифтердің бекітілгені туралы тұтынушыларға белгіленген тәртіпте хабарласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» РММ басшысының орынбасары К.Б. Байғожановаға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың 1, 2 – тармақтары, 2026 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі, қалған тармақтары қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басшының міндетін
атқарушы**



К. Байғожанова